

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс (қорғау), төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 513-IV Заңы

2009 жылғы 16 маусымда Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс (қорғау), төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы келісім ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. НАЗАРБАЕВ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс (қорғау), төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы ынтымақтастық туралы КЕЛІСІМ

(2012 жылғы 19 наурызында күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2012 ж., N 3, 29-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі, екі халық арасындағы дәстүрлі достық қарым-қатынасты нығайтуға ұмтыла отырып

1997 жылғы 8 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шарттың мақсаттары мен қағидаттарын б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п , азаматтық қорғаныс (қорғау), төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы ынтымақтастық Тараптар мемлекеттерінің әл-ауқаты мен ұлттық қауіпсіздігіне жәрдемдесетінін мойындай отырып, төтенше жағдайлардың Тараптардың мемлекеттері үшін қауіп төндіретінін сезіне о т ы р ы п ,

Тараптардың мемлекеттері үшін азаматтық қорғаныс (қорғау), төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы ғылыми-техникалық ақпарат алмасудың пайдасын ескере отырып,

Тараптардың біреуінің күштерімен және құралдарымен жоя алмайтын және осымен төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою мақсатында екі мемлекеттің үйлесімді іс-қимылдарының қажеттілігін тудыратын төтенше жағдайлардың туындау мүмкіндігін назарға ала отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымының, басқа да халықаралық ұйымдардың төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы рөлін ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдер

Осы Келісімде пайдаланылатын терминдердің мынадай мағыналары бар:

Сұратушы тарап - басқа Тарапқа көмек көрсету жөніндегі топтарды, жарақтау және қамтамасыз ету материалдарын жіберу туралы өтініш беретін Тарап;

Ұсынушы тарап - басқа Тараптың көмек көрсету жөніндегі топтарды, жарақтау және қамтамасыз ету материалдарын жіберу туралы өтінішін қанағаттандыратын Тарап ;

уәкілетті орган - осы Келісімді іске асыруға байланысты жұмыстарды басқару және оларды үйлестіру үшін әрбір Тарап тағайындайтын орган;

көмек көрсету жөніндегі топ - көмек көрсетуге Сұратушы Тарапқа жіберу үшін арнайы құрылған мамандар тобы (оның ішінде әскери персонал);

төтенше жағдай - адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға, орасан материалдық шығынға және халықтың тіршілік әрекетінің бұзылуына әкелуі мүмкін немесе әкелген аварияның, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, зілзаланың немесе өзге де апаттың салдарынан белгілі бір аумақта болған жағдай;

төтенше жағдайлардың алдын алу - төтенше жағдайлардың туындау қаупін мүмкіндігінше барынша азайтуға, сондай-ақ адамдардың денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаға келетін залал мен материалдық шығындар мөлшерін азайтуға бағытталған іс-шаралар кешені;

төтенше жағдайды жою - төтенше жағдайлар туындаған кезде жүргізілетін және адамдардың өмірін құтқаруға әрі денсаулығын сақтауға, қоршаған табиғи ортаға келтірілген залал мен материалдық шығындар мөлшерін азайтуға, сондай-ақ төтенше жағдайлар аймақтарын оқшаулауға, оларға тән қауіпті факторлардың әрекетін тоқтатуға бағытталған авариялық құтқару және басқа да шұғыл жұмыстар;

төтенше жағдай аймағы - төтенше жағдай қалыптасқан аумақ;

авариялық-құтқару жұмыстары - төтенше жағдайлар аймағында адамдарды, материалдық және мәдени құндылықтарды құтқару, қоршаған табиғи ортаны қорғау, төтенше жағдайларды оқшаулау және оларға тән қауіпті факторлардың әсер етуін жою немесе барынша төмен деңгейге дейін жеткізу жөніндегі іс-қимыл;

жарақ - көмек көрсету жөніндегі топтың материалдары, техникалық және көлік құралдары, жарақтары мен жеке жабдығы; камтамасыз ету материалдары - төтенше жағдай салдарынан зардап шеккен халықтың арасында тегін бөліп беруге арналған материалдық құралдар.

2-бап

Уәкілетті органдар

Тараптар осы Келісімді іске асыру үшін мынадай уәкілетті органдарды тағайындайды:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;

Қырғыз тарапынан - Қырғыз Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі.

Тараптар өзінің уәкілетті органдары атауларындағы өзгерістер туралы және олардың функцияларының басқа органдарға берілгендігі туралы дипломатиялық арналар арқылы бір-бірін дереу хабардар етеді.

3-бап

Ынтымақтастық нысандары

Осы Келісімге сәйкес қызмет Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады және Тараптардың әрқайсысының қажетті қаражатының болуына негізделеді. Ынтымақтастық осы Келісімнің шеңберінде мыналарды көздейді:

қауіпті техногендік және экологиялық процестердің, табиғи құбылыстардың мониторингін ұйымдастыру және өткізу;

төтенше жағдайлар туындау қауіп-қатері және төтенше жағдайлар туындаған кезде, олардың даму барысы және ықтимал зардаптар, оларды жою жөніндегі қабылданатын шаралар кезінде әлеуетті қауіпті объектілер мен қоршаған ортаның жай-күйі туралы өзара хабардар ету;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың мониторингі және оларды болжау туралы ұдайы ақпарат алмасу;

халықты төтенше жағдайларда іс-қимыл жасауға, оның ішінде алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша дайындауды ұйымдастыруда тәжірибе алмасу;

төтенше жағдайларды жою кезінде тиісті мемлекеттік органдарды ұйымдастыру және үйлестіру;

өнеркәсіптік авариялардың, апаттар мен дүлей зілзалалардың салдарынан болуы мүмкін ластануларға байланысты қоршаған табиғи орта мен халыққа төнген қауіп-қатерді бағалау;

трансшекаралық өзендерде болуы мүмкін дүлей зілзалалар туралы ескерту және жедел хабарлау;

дүлей зілзалаларды болдырмау және жою;

ғылыми-зерттеу жобаларын бірлесіп жоспарлау, әзірлеу және жүзеге асыру, ғылыми-техникалық әдебиетпен және зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен алмасу; ақпарат, мерзімді баспалармен, әдістемелік және басқа да әдебиетпен, бейне және фотоматериалдармен, сондай-ақ технологиялармен алмасу; бірлескен конференциялар, семинарлар, жұмыс бабындағы кеңестер, оқу және ж а т т ы ғ у л а р ұ й ы м д а с т ы р у ; бірлескен жарияланымдар мен баяндамалар дайындау; басқа Тарап мемлекетінің оқу орындарында мамандар даярлау, тағылымдамадан өтушілермен, мұғалімдермен, ғалымдармен және мамандармен алмасу; уәкілетті органдардың арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету; көмек көрсету жөніндегі топты жарақтандыру кезінде өзара көмек көрсету; төтенше жағдайларды жою кезінде өзара көмек көрсету; уәкілетті органдармен келісілетін төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы басқа да қызмет.

4-бап

Ұйымдар мен мекемелер арасындағы ынтымақтастық

Тараптар азаматтық қорғаныс (қорғау), төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы қызметті жүзеге асыратын Тараптар мемлекеттерінің мемлекеттік органдары, өзге де ұйымдары, жеке тұлғалары арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі.

5-бап

Бірлескен комиссия

Осы Келісімнің ережелерін орындау жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін уәкілетті органдар азаматтық қорғаныс (қорғау), төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою саласындағы ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссияны құрады, оның құрамын, функцияларын және жұмыс тәртібін айқындайды.

6-бап

Негізін қалаушы шарттар

Тараптар қауіпті өндірістік объектінің жұмыс істейтін барлық кезеңіне қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын техникалық құрылғыларды дайындауға, монтаждауға, ретке келтіруге, оларға қызмет көрсетуге және жөндеуге қойылатын өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын, сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздікті сараптауды белгілеу жолымен қауіпті өндірістік объектілерде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы келісілген қызметті жүзеге асырады.

Тараптар осы Келісімнің шеңберінде өткізілетін жұмыстар туралы алынған құжаттаманың және ақпараттың және егер, беретін Тарап олардың құпиялылығын ескертсе, қол жеткізілген ғылыми-техникалық қорытындылардың да құпиялылығын қамтамасыз етеді.

7-бап

Көмек көрсету

Көмек Сұратушы тарап төтенше жағдайдың сипаты туралы ақпаратты ұсынатын, қажетті көмектің түрлері мен көлемін көрсететін сауал негізінде көрсетіледі.

Ұсынушы тарап қысқа мерзімде сауалды қарайды және Сұратушы тарапты көмек көрсетудің мүмкіндігі, көлемі және шарттары туралы хабардар етеді.

Көмек көрсету жөніндегі топтарды басқаруды осы топтардың басшылары арқылы Сұратушы тараптың уәкілетті органы жүзеге асырады.

8-бап

Көмек түрлері

Көмек көрсету, жарақтандыру, қамтамасыз ету материалдары жөніндегі топтарды жіберу жолымен не өзге де сұралатын нысанда төтенше жағдайларды жоюға көмек к ө р с е т і л е д і .

Көмек көрсету жөніндегі топтар төтенше жағдай аймағында авариялық-құтқару ж ұ м ы с т а р ы н о р ы н д а й д ы .

Сұратушы тарап Ұсынушы тараптың көмек көрсету жөніндегі топтарының басшыларын төтенше жағдай аймағында және нақты жұмыс учаскелерінде туындаған жағдай туралы хабардар етеді, қажет болған кезде осы топтарды аудармашылармен және байланыс құралдарымен қамтамасыз етеді, сондай-ақ қауіпсіздікті, тегін медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылын үйлестіруді ж ү з е г е а с ы р а д ы .

Көмек көрсету жөніндегі топтарды жарақтандыру 72 сағат ішінде төтенше жағдай аймағында автономиялық іс-қимыл жүргізу үшін жеткілікті болуы тиіс. Жарақ қорлары аяқталғаннан кейін Сұратушы тарап көрсетілген топтарды олардың одан әрі жұмыс істеуі үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етеді.

9-бап

Көмек көрсету жөніндегі топтардың мемлекеттік шекараны кесіп өту шарттары және олардың Сұратушы тарап мемлекетінің аумағында болу режимі

Көмек көрсету жөніндегі топтардың мүшелері Сұратушы тарап мемлекетінің мемлекеттік шекарасын олардың жеке басын куәландыратын құжаттары бойынша халықаралық қатынас үшін ашық өткізу пункттері арқылы кесіп өтеді. Топ жетекшісінде көмек көрсету жөніндегі топ мүшелерінің тізімі және Ұсынушы тараптың уәкілетті органы берген, оның өкілеттігін растайтын құжат болуы тиіс.

Көмек көрсету жөніндегі топтардың мүшелері Сұратушы тарап мемлекетінің аумағына болу уақытында сол мемлекеттің заңнамасын сақтауға міндетті. Бұл ретте олар Ұсынушы тарап мемлекетінің еңбек заңнамасы және оған байланысты мәселелер саласындағы заңды құзырында болады. Көмек көрсету жөніндегі топ құрамына кіретін әскери персоналға әскери қызметші, оның ішінде еңбек құқықтық қатынастары мен әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер бөлігіндегі мәртебесін реттейтін Ұсынушы тарап мемлекетінің заңнамасының іс-әрекеті қолданылады.

Көмек көрсету жөніндегі топтардың орын ауыстыруы, олардың жарақтарын және қамтамасыз ету материалдарын тасымалдау автомобиль, темір жол, су немесе әуе көлігімен жүзеге асырылады.

Көмек көрсету үшін көліктің көрсетілген түрлерін пайдалану тәртібін тиісті мемлекеттік органдардың келісімі бойынша уәкілетті органдар айқындайды.

10-бап

Төтенше жағдайларды жою кезінде көмек көрсетуге арналған жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарын әкелу және әкету

Төтенше жағдайларды жою кезінде көмек көрсету үшін Сұратушы тарап мемлекетінің аумағына әкелінетін және Ұсынушы тарап мемлекетінің аумағынан әкетілетін жарақтар мен қамтамасыз ету материалдары кедендік баждардан, алымдардан және салықтардан босатылады.

Жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарын кедендік рәсімдеу көмек көрсету жөніндегі топтардың құрамы, әкелінетін немесе әкетілетін жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарының тізбесі көрсетілетін уәкілетті органдар беретін хабарламалардың негізінде басымдық тәртіппен жүргізіледі.

Көмек көрсету жөніндегі топтарға жарақтар мен қамтамасыз ету материалдарынан басқа, қандай да бір тауарлар әкелуге тыйым салынады.

Көмек көрсету жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін әкелінген жарақ Сұратушы тарап мемлекетінің аумағынан әкетілуге тиіс. Егер айрықша жағдайларға байланысты жарақты әкету мүмкін болмаса, ол келісілген жағдайда Сұратушы тараптың уәкілетті органына көмек ретінде өтеусіз берілуі мүмкін. Бұл жағдайда берілетін жарақтың түрлерін, санын және орналасқан орнын көрсете отырып, Сұратушы тараптың құзыретті органдарына хабарлау қажет.

Зардап шеккендерге жедел медициналық көмек көрсету қажет болған кезде

Сұратушы тарап мемлекетінің аумағына құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың қажетті саны әкелінуі мүмкін. Бұл жағдайда көмек көрсету жөніндегі топтың жетекшісі Ұсынушы және Сұратушы тараптардың кеден органдарына олардың номенклатурасы мен саны көрсетілген құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар дәрілік заттардың болуы туралы декларацияны көрсетеді.

Көрсетілген медициналық препараттар Сұратушы тарапқа берілмейді және оны тек білікті медициналық персонал ғана осы Тарап өкілдерінің бақылауымен пайдаланады.

Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар пайдаланылмаған дәрілік заттар осы дәрілік заттардың номенклатурасы мен санын растайтын құжаттардың негізінде Сұратушы тараптың кедендік бақылауымен әкетілуге тиіс. Құрамында есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар бар жұмсалған дәрілік заттарға Сұратушы тараптың кедендік органдарына көмек көрсету жөніндегі топтың жетекшісі мен дәрігері қол қойған және Сұратушы тараптың құзыретті органының өкілі растаған олардың пайдаланылғаны туралы акт көрсетіледі.

11-бап

Әуе кемелерін пайдалану

Ұсынушы тараптың уәкілетті органы Сұратушы тараптың уәкілетті органына олардың типі мен тану белгілері, бағыты, экипаж мүшелерінің саны, жүктің сипаты, ұшу және қону орны мен уақыты көрсетілген әуе кемелерін көмек көрсету үшін пайдалану шешімі туралы хабарлайды.

Сұратушы Тарап өз мемлекетінің аумағындағы белгіленген пунктке ұшуға рұқсат б е р е д і .

Бір мемлекет аумағынан басқа мемлекет аумағының көрсетілген төтенше жағдай ауданына уәкілетті органдардың әуе кемелерімен жедел көмек көрсету және күштер мен құралдарды жедел жеткізу мақсатында уәкілетті органдар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес белгіленген тәртіппен әуе кемелерін пайдалану мүмкіндігі туралы қосымша нұсқаулық және әр елдің мемлекеттік органдары (шекаралық, кедендік, фитосанитарлық, карантин қызметтері) өкілдерінің төтенше жағдайларды жою кезінде шекараны әуе кемелерімен кесіп өту рәсімін оңайлату мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл тетігін әзірлейді және келіседі.

Ұшулар Халықаралық азаматтық авиация ұйымы және Тараптардың мемлекеттері белгілеген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

12-бап

Шығыстарды өтеу

Егер Тараптар өзгеше келіспесе, Сұратушы тарап Ұсынушы тарапқа көмек көрсетуге байланысты шығыстарды өтейді.

Сұраушы тарап кез келген сәтте оған көмек көрсету туралы өз сауалын ала қайтарып алады. Бұл жағдайда Ұсынушы тарап оған келтірілген шығыстарға өтемақы алуға құқылы.

Шығыстарды өтеу, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, Ұсынушы тараптан осы туралы талап келгеннен кейін дереу жүргізіледі.

Ұсынушы тарап көмек көрсету жөніндегі топтардың мүшелерін сақтандыруды қамтамасыз етеді. Сақтандыруды ресімдеу жөніндегі шығыстар көмек көрсету жөніндегі жалпы шығыстарға кіргізіледі.

Ұсынушы тарап әуе кемелерін ұшыруға, қондыруға, әуеайлақта тұрғызуға және одан ұшыруға ақы төлеуден, сондай-ақ аэронавигациялық қызметтерге ақы төлеуден босатылады.

Ұсынушы тарап әуе кемелерінің отыны мен техникалық қызметіне шығыстардың орнын толтыру туралы мәселе әрбір нақты жағдайда жеке шешілетін болады.

Тараптар, егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмесе, олар осы Келісімді орындау барысында туындайтын шығыстарды ұлттық заңнамаларға сәйкес көзделген қаражат шегінде дербес көтереді.

13-бап

Залалды өтеу

Сұратушы Тарап оның мемлекеті аумағында адамдар қаза болған немесе олар жарақат алған, жеке меншігі бүлінген немесе жойылған, қоршаған табиғи ортаға залал келтірілген жағдайда Ұсынушы тарапқа кінә тақпайды. Адамдар қаза болса немесе жарақат алса, сондай-ақ осы Тараптың жабдықтары немесе басқа меншігі қираса немесе оған залал келтірілсе, егер мұндай залал осы Келісімді іске асыруға байланысты міндеттерді орындау барысында келтірілсе Сұратушы тарап Ұсынушы тарапқа өтемақы төлейді. Өтемақы мөлшері әрбір нақты жағдайда жеке айтылады.

Егер Ұсынушы тараптың көмек көрсету жөніндегі топ мүшесі Сұратушы тарап мемлекетінің аумағында осы Келісімді іске асыруға байланысты міндеттерді орындау кезінде заңды немесе жеке тұлғаға зиян келтіретін болса, онда зиянды оның мемлекетінің заңнамасына сәйкес Сұратушы тарап өтейді.

Көмек көрсету жөніндегі топ мүшесі қасақана немесе өрескел немқұрайлылықпен келтірген зиянды Ұсынушы тарап өтеуге тиіс.

14-бап

Ақпаратты пайдалану

Егер уәкілетті органдар жазбаша нысанда өзгеше келіспесе, осы Келісімнің шеңберінде жүргізілген қызметтің нәтижесінде алынған ақпарат Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес жариялауға жатпайтын ақпаратты қоспағанда, жарияланады және Тараптардың әрқайсысының әдеттегі практикасы мен ұйғарымының негізінде пайдаланылады.

Ақпарат ұсынған Тараптың және оның өкілдерінің алдын ала жазбаша келісімімен осындай Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес үшінші тараптарға берілуі мүмкін.

15-бап

Дауларды шешу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және/немесе қолдануға қатысты даулар мен келіспеушіліктер Тараптардың уәкілетті органдары арасында келіссөздер және консультациялар жүргізу арқылы шешіледі.

16-бап

Қорытынды ережелер

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді орындауы туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бір Тараптың екінші Тараптың өзінің осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар жеке хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, осы Келісімнің қолданылуының тоқтатылуы басталған, бірақ оның күші тоқтатылғанға дейін аяқталмаған, оған сәйкес жүзеге асырылатын қызметті қозғамайтын болады.

2009 жылғы 16 маусымдағы Астана қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіннің бірдей күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін қолданылатын болады.

Қазақстан Республикасының

Қырғыз Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

2009 жылғы 16 маусымда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтық қорғаныс (қорғау), төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы

ынтымақтастық туралы келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің 2011 жылғы 30 мамырдағы № 21-1/1023 және Қырғыз Республикасының Сыртқы істер министрлігінің 2011 жылғы 9 маусымдағы № 11-011/1515 ноталарының куәландырылған көшірмелері екендігін растаймын.

*Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
Халықаралық құқық департаментінің*

Басқарма бастығы

Н. Сәкенов

РҚАО-ның ескертпесі. Бұдан әрі Келісімнің мәтіні қырғыз тілінде берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК